

## Әлеуметтік жеке кодты қолдану жөніндегі жұмысты күшайту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 1 қыркүйек N 1281

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Z970136\_ Заңын іске асыру мақсатында және "Міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалудың және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 P990245\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Заңды тұлғаларға, сондай-ақ кәсіпкерлікпен және өзге де қызметпен занды тұлға құрмай айналысатын жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп 1999 жылдың 1 шілдесіне дейін жұмысқа қабылданған қызметкерлерге әлеуметтік жеке кодтар тағайындау жөніндегі жұмысты 1999 жылдың 15 қыркүйегіне дейін аяқтау;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне екінші деңгейдегі банктердің міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару жөніндегі төлем тапсырмасын оған қоса берілетін жеке тұлғалар тізімінде әлеуметтік жеке кодын көрсете отырып қабылдаудың шарттарын орындауын қамтамасыз ету ұсынылсын.

2. Осы қаулы баспасөзде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.  
Омарбекова А.